

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 8 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Бас Прокурордың орынбасары Ахметжанов Марат Мұратұлына беріледі.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге Қазақстан мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялауды ұсынып отырмыз. Осы шартпен екі ел арасындағы қылмыстық құқық бойынша келісімдердің толық пакеті жасалмақ.

2000 жылы Қазақстан мен Украина арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты бекіттік, ал былтыр қарашада ұстап беру жөніндегі шартқа ратификация жасалды.

Жалпы қазір екі ел арасында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек 1993 жылғы Минск конвенциясы негізінде жүзеге асырылады. Алайда Минск конвенциясына қол қойған уақыттан бері заңнама мен сот тергеу практикасы өзгерді, Украинада да көптеген өзгерістер бар.

Конвенция мен ұсынылып отырған шарт арасында ешқандай қайшылық жоқ, керісінше олар бірін-бірі толықтырады, біраз норманы нақтылайды.

Шарт күдікті мен айыптының кінәсін дәлелдеуге бағытталған кешенді процессуалдық әрекеттерді жүргізуді қарастырады.

Ұсынылып отырған шарт екі елдің құзырлы органдарына күдікті мен айыпталушының кінәсін дәлелдеу бойынша кешенді тергеу жасауға құқық береді. Ол күзетпен ұсталып отырған адамдарды уақытша беру, тінту, тәркілеу, тағы басқа да тергеу амалдарын қамтиды. Бұл амалдардың жүзеге асыру механизмдері бізде де, Украинада заңмен бекітілген.

Шартта құқықтық көмек көрсету жағдайлары мен тәртібі және одан бас тарту негіздері анықталған. Мысалы, сұрау салу ел егемендігіне, оның қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке, басқа да осындай елеулі мүдделерге қауіпті болса немесе заңнамаға қайшы келсе, оны орындаудан бас тарта аламыз.

Жалпы бұндай шарт 27 елмен жасалған.

Бұл шарт үлгілі болғанмен өзінің ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, құжат құқық қорғау органдарына украиналық әріптестермен тікелей байланыс жасауға мүмкіндік береді және тергеу органдары жұмысының жеделдігін арттырады. Тағы да бір ерекшелігі, шарт бойынша қажет жағдайда бірлескен тергеу топтарын құруға болады.

Қылмыстық салада құқықтық көмек көрсету мәселесі бойынша біздің ел бірқатар көпжақты шарттардың мүшесі. Мысалы, жаңа айтып кеткен 12 елмен Минск конвенциясы және Кишинев конвенциясы шеңберінде ынтымақтастығымыз бар. Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы Америкааралық конвенция бар. Айта кетейін, ол жерде 26 мемлекетпен қарым-қатынас жасаймыз.

Шартты ратификациялаудың экономикалық, әлеуметтік және саяси кері әсері жоқ. Оны іске асыру бюджеттен қосымша қаражат талап етпейді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Сөз депутат Нухұлы Алтынбекке беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Марат Мұратұлы, шарттың 8-бабының 4-тармағында сұрау салушы тараптың құзыретті органына келмеген адамға, тіпті шақыру қағазына келмеген жағдайдағы ықтимал жауаптылық туралы ескерту қамтылса да кез келген жазаны немесе мәжбүрлеу шарасын қолдануға жатпайтыны көзделген.

Осыған байланысты менің сұрағым: егер сұрау салушы тараптың шақыру қағазы бойынша адам келмесе және ол үшін жаза қолданбаса, онда осы 8-бапта қаралған нормалардың орындалуы қалай жүзеге асырылатын болады, яғни бұл жәй сипаттағы норма болып қалмай ма? Рақмет.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет. Әрине, бұл жерде нысандары бөлек, мен айтып кетейін. Шақыру қағазы келген кезде, мысалы, Украинадан Қазақстанға келген кезде біз оны шақырған адамға береміз. Жаңа өзіңіз айтып кеткендей, бірақта ол келмесе оның ешқандай салдары болмайды. Сондықтан осы шартта көрсетілген құқықтық көмек ретінде олар бізге тапсырма береді, сол тапсырма берген соң біз өзіміз шақыртып, сол

жерден жауап аламыз. Ал егер біздің шақыруымызға келмесе, ол әкімшілік және басқа да жауаптылыққа тартылады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға.

В статье 18 договора отражены вопросы создания и деятельности совместных следственных групп. Однако не указан порядок распределения расходов, которые могут возникнуть в результате деятельности такой следственной группы. Скажите, кто будет оплачивать эти расходы? Это первая часть вопроса.

Вторая часть вопроса. Кто будет оплачивать расходы, которые изначально не предвиделись, но появились в связи с длительностью расследования уголовных дел следственной группой? Рақмет.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Спасибо за вопросы.

В своем докладе я обозначил, что это и есть особенность этого договора, когда мы можем создавать совместные следственно-оперативные группы. Отношения с Украиной у нас очень тесные, поэтому наши граждане могут посещать Украину, граждане Украины могут посещать Казахстан. И могут быть какие-то преступления, которые начинаются в Казахстане, но имеют продолжение в Украине. Таких примеров очень много. Поэтому создается следственно-оперативная группа там, где совершено основное преступление. По условиям этого договора мы можем привлекать в эту группу украинских коллег.

Расходы будет нести та сторона, по инициативе которой создана эта следственно-оперативная группа, где возбуждено основное уголовное дело. Да, есть непредвиденные расходы. Возьмем свежий пример – пандемия. Вызвали какого-то участника для проведения следственных действий. В связи с закрытием или отсутствием авиатранспорта он задержался на территории Казахстана. В этом договоре отрегулировано, что такие расходы будем нести по взаимной договоренности, то есть будет проведена консультация. Может быть, будут совместные расходы, может быть, мы возьмем на себя. Это будет решаться путем консультаций.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Марат Мұратұлы, заң жобасындағы шарттың кіріспесінде «сол шартқа қол қою қылмыстық істер бойынша көмек саласында тараптар, яғни Қазақстан мен Украина қатысып келіскен халықаралық көпжақты келісімшарттардың ережелерін қолдануға ықпал етеді» деп жазылған. Сұрақ осыған байланысты.

Бірінші сұрақ. Кіріспеде қандай көпжақты келісімшарттар туралы сөз болып отыр?

Екінші сұрақ. Өткен жылы біз осы ғимаратта Украинамен экстрадициялау туралы шартты бекіткенбіз, бүгін қылмыстық істер бойынша шартты қарастырып отырмыз. Бұл мәселелерді бөлмей, кешенді түрде бір құжатпен біріктіруге қандай кедергілер болды?

Осыны түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет.

Бірінші сұрақ бойынша айтсам, жаңа мен баяндамада айтып кеткендей, Минск конвенциясы бар, Кишинев конвенциясы бар, бұл модельный шарт. Бірақта Украинамен біз бұны нақтылап отырмыз, жаңа айтып кеттік, Украинада да бізде де заң өзгерді, жағдай өзгеріп жатыр. 1993 жылдан бері 27 жыл өтті, сондықтан біраз норманы кіргізіп, өзгерттік.

Бұл бізге қолайлы, мысалы, Украинаның Бас прокуратурасының аты «Офис Генерального прокурора» деп өзгерді, ал бізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аты өзгерді. Екіжақты келісім бойынша бір-бірімізге қағаз беріп түзете аламыз, ал егер Минск конвенциясының төңірегінде болса, онда бүкіл конвенцияға 12 елмен келісіп өзгерістер енгізуіміз керек.

Жаңа айтып кеткендей, бұл шарт біріккен тергеу топтарын құруда, құқық қорғау органдарының бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауға ықпалдасуларына өзінің жақсы нәтижесін беріп отыр. Сондықтан екіжақты келісімшарттар бізге жұмыс істеуге өте қолайлы және бұрынғы Минск конвенциясына ешқандай қайшылығы жоқ, керісінше оны толықтырады, нақтылайды.

Екінші сұрағыңыз бойынша айтайын, біз бүгін толық пакет жасап отырмыз. Ол құқықтық көмек көрсету, ол беру және сотталған адамдарды елімізге қайтару.

Бұл жерде оның өзінің ұсынысы бар, оны типтік шарт дейміз (үш типовой договор), өйткені бұлардың нысандары бөлек. Егер біріншісі құқықтық көмек көрсету болса, ал мына жерде экстрадиция. Экстрадиция дегенде, бұл жерде біздің азаматтардың құқықтық нысаны бар. Өйткені ол жерде БҰҰ-ның резолюциясы болса, ол қашқын болып саналса, не болмаса оны діні бойынша, нәсілі бойынша, тағы басқа бойынша қуғындап жатса, ол кезде бермейміз.

Бізде ондай шарттар болған, мысалы, 1999 жылы екеуін біріктіріп (құқықтық көмек пен экстрадицияны) біз Түркиямен келісім жасағанбыз. Бірақ кейінгі кезде әрбір құқықтық шарттың өз нысаны бар, өзінің қарым-қатынастарын реттейді, сондықтан бөлек-бөлек жасалған дұрыс деген БҰҰ-ның резолюциясы бар.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Марат Мұратұлы, рақмет.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Шартты ратификациялау мемлекеттер арасында құзыретті органдардың қылмыстық істер бойынша біріне-бірі барынша құқықтық көмек көрсетуіне мүмкіндік береді және тараптар қылмыстық істер бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

Бұл шартта келесідей құқықтық көмек тәртібі мен мән-жайлар көзделген:

азаматтардың және заттардың тұрған жерін айқындауды немесе оларды сәйкестендіруді;

күзетпен ұсталып отырған адамдарды уақытша беруді;

бірлескен тергеу топтарын құруды;

ақпарат пен дәлелдемелер алмасуды және ұлттық заңнамада көзделген көмектің басқа да нысандарын қамтиды.

Жалпы алғанда аталған шарт күдіктілер мен айыпталушылардың қылмыс жасаудағы кінәсін дәлелдеуге бағытталған іс-әрекеттерді кешенді жүргізуге ықпал ететін болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Украинаның құзыретті органдарына тікелей өзара іс-қимыл жасауға өкілеттік береді.

Заң жобасы бойынша заң бастамашыларымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының және комитеттің отырыстары өткізіліп, жан-жақты талқыланды.

Сенат комитеттерінен заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Шартты ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын қажет етпейді.

Баяндалғанды ескере келе, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1) және 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес оны қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандай, қарауларыңызға беріліп отырған заң жобасы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек саласында ынтымақтастықтың екіжақты негізін жасауға және халықаралық шарттардың ережелерін қолдануға ықпал етеді. Бұл еліміздің саясатында басымдылық болып табылады.

Шарт үлгілік негізде жасалған және мұндай ұксас шарттар, жоғарыда айтылғандай, басқа елдермен де жасалған.

Сонымен бірге құжаттың басқа шарттардан өзіндік бірқатар жақсы айырмашылықтары да бар. Мәселен, құжат екі елдің құзырлы органдарын тікелей байланыстырып, күдікті мен айыпталушының кінәсін дәлелдеу үшін халықаралық тиімді тәсілді пайдалануға және жан-жақты тергеу амалдарын жасауға мүмкіндік береді.

Бұл өте маңызды норманың тағы бір айырмашылығы бар. Біріншіден, екі жақ үшін де қылмыспен күрес саласында өзара сенімділікті дамытса, екіншіден, екі жақ үшін де тергеу органдары жұмыстарының жеделдігін арттырады.

Құрметті әріптестер, барлық ел үшін қылмыстың кез келген түрімен күрес жүргізу – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Себебі аталған кесел экономикамыздың өсіп-өркендеуін тежеп, адам құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді. Оның ішіндегі трансұлттық қылмыспен күрес, халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттердің бірлескен күш-жігерімен тиімді әрі табысты болады. Қылмысқа қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық тығыз өзара іс-қимылды, озық тәжірибемен алмасуды және заңнаманы одан әрі жетілдіруге септігін тигізеді.

Аталмыш құжат мемлекеттің қылмыстарға деген әрекетінің бұлтартпастығын қамтамасыз ететін, қылмыстың төмендеуі мен профилактикасына жоғары дәрежеде әсер ететін өте маңызды, өте қажетті құжат.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарға байланысты ұсынылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер, Украина – Қазақстанның маңызды серіктестерінің бірі. Екі ел арасындағы қарым-қатынас өзара ынтымақтастыққа және достыққа негізделген. Біздің елдеріміздің мәдени-гуманитарлық байланысы да дәйекті түрде дамып келеді. Алдағы уақытта өзара қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға екі мемлекет те мүдделі.

Осы тұрғыдан келгенде бүгін қабылданып отырған заң құқық қорғау саласындағы ынтымақтастықты арттыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшеміз.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Елімізде екі жылдан бері «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы жүзеге асып келеді. Бұл жобаның негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендерді дамыту.

Жобаның орындалу барысына жасаған «Ауыл» партиясының зерттеулері, депутаттардың сала өкілдерімен болған кездесулері, өкінішке қарай, тиісті мемлекеттік атқарушы органдардың осы маңызды мәселеге жауапсыз қарағандығын көрсетіп отыр.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы бас-аяғы жинақталған, түрлі бағдарламалардың басын біріктіретін, жауапты ұйымдардың жұмысын үйлестіретін, жан-жақты ойластырылған

жүйелі құжат ретінде жасалынбаған. Бір қарағанда түрлі шаралардың жиынтығы сияқты, өңірлерді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекет бағдарламасының бір бөлігі ғана болып қалған.

Жобаға енгізілген тіректі және спутниктік елді мекендерді іріктеу принциптері түсініксіз. 3 мың 561 елді мекенді құрайтын тізімде негізінен аудан орталықтары мен олардың айналасындағы ауылдар ғана қамтылған, ал шалғайдағы ауылдардың көпшілігі назардан тыс қалған.

«Ауыл – ел бесігі» жобасын жасау барысында тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамту мәселелері ескерілмеген. «ҚазАгро» акционерлік қоғамының қаржы институттары осы жобадан шет қалған деп айтуға болады.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға 2019 жылы барлығы 448 миллиард теңге қаржы бөлінсе, соның тек 1,6 миллиард теңгесі ауылдарда тұрақты жұмыстармен қамтитын 22 жобаға ғана бөлінген. Ал 2020 жылы ауыл аумақтарында ашылатын 20 мың жұмыс орындарының 800-і ғана тұрақты болмақ, яғни әр төрт елді мекенде орта есеппен бір ғана тұрақты жұмыс орны құрылады деген сөз.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасына енген инвестициялық жобалардың әлеуметтік тиімділігі төмен. «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», «Еңбек», «Бизнестің жол картасы – 2025» сияқты мемлекеттік бағдарламалармен үйлестірілмеген. Ауылдардың проблемаларын түбегейлі шешетіндей кешенді жұмыстар жоспарланбаған.

Осының бәрін ескере келе, құрметті Асқар Ұзақбайұлы, сізге бірнеше сауал жолдап отырмын.

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жасап, іске асырар алдында ауылдық елді мекендердің өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкестігін, ауыл халқының жайлы өмір сүру деңгейін анықтайтын кешенді зерттеулер жүргізілді ме?

Осы жобаға енгізілген әлеуеті бар 1 мың 173 тіректі, 2 мың 388 спутниктік елді мекендер қандай критерийлермен анықталды?

Ешбір бағдарламада қамтылмай қалған 2 мың 847 елді мекенді әлеуеті төмен, келешегі жоқ деп айтуға бола ма? Егер солай болса, онда сол ауылдарда өмір сүріп жатқан 1 миллионнан астам тұрғынның болашағы не болмақ?

Елді мекендердің 40 пайызға жуығы шекара бойында орналасқандықтан, олар жойылып кеткен жағдайда еліміздің және жеріміздің тұтастығына қауіп төнбейді ме?

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы туралы қорытынды ақпаратта 2011 жылдың 1 қаңтарына республикадағы ауылдық елді мекендердің 2 мың 613-і әлеуеті жоғары, 4 мың 238-де орта, ал 92-нің ғана әлеуеті төмен деп көрсетілген. Айналдырған 10 жылдың ішінде келешегі жоқ, әлеуеті төмен ауылдар санының 92-ден 2 мың 847-ге дейін өсіп кеткендігін қалай түсіндіруге болады?

2015 жылдың 19 мамырында қабылданған «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына осы уақытқа дейін қоғамдық талдау жасалынбағанының себебі неде?

«Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын барлық тиесілі бағдарламалармен үйлестіре отырып, ұлттық бағдарлама ретінде қайта қабылдап, ауылдық аумақтарды дамыту саясатын

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне қайта беру мәселесіне көзқарасыңыз қалай?

Депутаттық сауалдағы осы сұрақтарға қолданыстағы заң шеңберінде үстіміздегі жылдың 20 қазанына дейін жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен, депутат Әли Бектаев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиакбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі 2007 жылы мемлекеттік бағдарлама аясында Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасы «kazneb.kz» порталын ашқан болатын.

Қазіргі уақытта порталдың сегменті әдебиеттің 60 мыңнан астам электрондық көшірмесін қамтиды. Оның ішінде балаларға арналған электрондық кітаптар саны 5 мың 551 дананы құрап отыр. Дегенмен бұл порталдағы цифрландырылған электрондық кітаптардың сапасы айтарлықтай емес, көңіл толмайтындығын атап өткен жөн. Жүктелген электрондық кітаптардың 3D нұсқасын оқу қиынға соғады, мәтіндері анық емес, бұлыңғыр, ал кейбір аудиокітаптар мүлдем ашылмайды.

Басқасын есепке алмағанда, министрліктің мәліметіне сәйкес бұл порталға тек техникалық қолдау көрсетуге ғана жыл сайын 90 миллион теңге қаражат бөлінеді екен. Алайда порталдың қызметі, жоғарыда атап өтілгендей, сын көтермейді.

Оның үстіне, өкінішке қарай, бүгінде Қазақстанда шығатын барлық басылымдардың электрондық нысаны «kazneb.kz» порталында жарияланбай отыр. Мәселен, Білім және ғылым министрлігі шығаратын мектеп пән кітаптарының электрондық нұсқалары толықтай қамтылмаған.

Қазіргі таңда еліміздің кітапхана қорында жалпы 112 миллионнан астам басылым бар, ал олардың тек 1,5 миллионға жуығы ғана электрондық нұсқада. Бұл кітапхана қорының жалпы көлемінің небәрі 1,3 пайызын құрап отыр.

Халықаралық тәжірибеге қарасақ, Әзірбайжан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан сияқты көршілес мемлекеттерде кітапхана қызметін реттейтін «Кітапхана ісі туралы» Заң қабылданған. Ал Австрия, Швеция, Бельгия, Ирландия, Дания елдерінде «Міндетті дана туралы» Заң бар екен. Мәселен, Данияда «Міндетті дана туралы» Заң түрі мен нысанына қарамастан осы елде шығатын барлық жарияланымдардың міндетті данасын жинауға және сақтауға жататын нормаларын қамтыған.

Бұдан басқа бүгінде республика бойынша 3 мың 940 кітапхананың 1892-і, яғни 48 пайызы ғана интернет желісіне қосылғандығын атап өткен жөн. Бұл, әрине, жеткіліксіз, әсіресе қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында.

Өз кезегінде қашықтықтан білім алу жүйесі балалардың интернеттен қосымша көптеген ақпаратты іздеуіне қажеттілік тудыруда. Осыған орай балаларға арналған танымдық, тартымды, өз алдына жеке Қазақстан ұлттық электрондық балалар кітапханасы порталы ашылса нұр үстіне нұр болар еді.

Сонымен қатар Қазақстанда республикалық, облыстық, қалалық, деңгейдегі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған 16 арнайы кітапхана қызмет көрсетіп отыр. Алайда кітапханалар Брайль қарпі, үлкейтілген қаріп, сондай-ақ заманауи цифрлық және ДЭЙЗИ (DAISY) нысанында қолжетімді кітаптармен аз қамтылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы», – деп атап өтті.

Осыған орай, құрметті Асқар Ұзақбайұлы, сізден көтеріліп отырған мәселелердің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып:

«Кітапхана ісі туралы» Заң жобасын әзірлеуді;

балаларға арналған Қазақстан ұлттық электрондық балалар кітапханасы порталын ашуды;

Қазақстанда басылып шығарылатын барлық жарияланымдардың міндетті данасының электрондық нысанын «kazneb.kz» порталына жолдау бойынша нақты жүйесін қалыптастыруды;

кітапханаларды Брайль қарпі, үлкейтілген қаріп, сондай-ақ заманауи цифрлық және ДЭЙЗИ (DAISY) нысанындағы кітаптармен жеткілікті түрде қамтамасыз етуді қарастыруыңызды өтінеміз.

Сауалға жауапты белгіленген тәртіппен және жазбаша түрде беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Әбдікерев, Волков, Айтпаева, Бекназаров, Лукин, Мәкежанов, Сүлеймен».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Мамин Асқар Ұзақбайұлына жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Осы депутаттық сауалды жолдауға Түркістан облысы диқаншыларының жанайқайы негіз болып отыр.

Республикада «ақ алтын» өндіретін бірден-бір облыстың шаруалары ала жаздайғы маңдай терінің жемісін көретін кезге жетті. Түркістан облысы аймағында мақта теру науқаны басталып, аяқталуына 10-15 күн қалды. Алайда ала жаз бойы еткен еңбек пен төккен тердің дәл осылай өтеліп жатқаны диқандардың көңілін күпті ететіні сөзсіз.

Бұлай деуімізге себеп, мақта қабылдайтын зауыттар «ақ алтынның» бағасын осы күнге дейін белгілемей отырғандығы. Дәл қазір «ақ алтынның» бағасы онсыз да шаруаның көңілінен шығып отырған жоқ.

Жалпы, өңірдегі мақта зауыттары монополистер сияқты бағаны өздері белгілейді. Шаруаның мәжбүрлігін, шарасыздығын жақсы пайдаланады, енді біраз уақыттан кейін мақта зауыттарының басшылары халыққа өнімді қабылдайтын бағаны жариялайды. Осыдан кейін олар осы бекітілген бағамен есептеседі. Бұған көнбеуге шаруаның амалы жоқ, бәріне көнуіне тура келеді, себебі мақтаны зауыттан басқа ешкім қабылдамайды.

Бүгінгі таңда трейдерлер шитті мақтаның бір тоннасын аванс ретінде 100 мың теңге төлеп, сатып алуда. Ал мақта дақылының 1 гектарын өсіп-өндірудің технологиялық картасы

бойынша шығыны 256 мың 901 теңгені құрайды. Орташа есеппен әр гектардан 20 центнерден өнім алған шаруаның кірісі 200 мың теңге болса, шығысы 257 мың теңге болады.

Шынында халықтың ырыздығын айыруға келгенде соңғы сөздің зауыт басшылығына тиесілі болуы қаншалықты дұрыс?

Диқандар 40-50 градус аптаптың астында ерте көктемнен қоңыр күзге дейінгі өсірген осы өнімнің шитін ғана айыратын мақта зауыттары шетелдерге су тегін сатып келеді. Былай айтқанда, өздері өсіретін «ақ алтыннан» дайындалған өнім Қазақстанға 5-6 есе қымбат бағаға келеді. Шаруалар осы мәселені жоғары билікке білдіріп, Үкімет қарауына ұсынып келген.

Диқандардың бұл талабын орындауға қажетті алғышарттар жасалынған. Мақта кластерін дамыту мәселесі де көтерілді. Жекеменшік мақта зауыттары шаруалардың еңбегін қанамас үшін мемлекеттік алып мақта зауыты Жетісай өңірінде мемлекеттік бағдарламамен салынған болатын. Бірақ біз әлі күнге дейін саланың қарыштап дамып кеткенін көре алмай отырмыз.

Кеңес Одағы кезінде ел бюджетінің 17-18 пайызын жеңіл өнеркәсіп саласы беретін. Қазіргі таңда жалпы ішкі өнімнің небәрі 0,3–0,5 пайызын ғана құрайды. Бұл тым аз көрсеткіш. Осы олқылыққа қайта өңдеу саласының қарқынды дамымауы да тұсау болып отырған жоқ па?

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Мақтамен айналысатын шаруалардың мүддесін қорғау, мақта шаруашылығындағы баға саясатындағы нағыз нарықтық принциптерді енгізу, әділеттілік орнату мақсатында мақта өндірушілер мен мақта зауыттарындағы сауда қарама-қайшылықтарын жоятын, зауыттардың монополистік мүдделерін бәсеңдететін ортадағы делдал компаниялардың заңсыз әрекеттеріне тосқауыл қоятын заң шеңберінде шаралар қабылдауды құзырлы органдарға тапсыруыңызды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Құртаев, Бектаев, Бекназаров, Қапбарова».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжановқа жолданады.

«Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері шешілді, бірақ отандық фармацевтика саласын аяғынан тұрғызу керек. Барлық негізгі дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдар Қазақстанда өндірілуге тиіс. Бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Келесі жылдан бастап осы бағытта нақты нәтиже күтемін» – деп ерекше атап өтті.

Дәрілік заттардың әлеуметтік маңыздылығы өте жоғары, себебі азаматтардың денсаулығы кейде өміріне де қажетті дәрінің болуына немесе болмауына тікелей байланысты болып тұрады. Сондықтан бағаны реттеу, дәрілік заттардың қауіпсіздігі мен тиімділігімен қатар қолжетімді болуы өте маңызды мәселе деп санаймыз.

Қазақстанда дәрі-дәрмек құралдарының тиімділігі, қауіпсіздігі мен сапасы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторы ретінде қаралады және үстіміздегі жылдың 7 шілдесінде қабылданған «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен және осы саладағы уәкілетті орган бекіткен құқықтық актілерге сәйкес реттеледі.

Соңғы айларда елімізде орын алған эпидемиологиялық күрделі жағдайға байланысты халық тарапынан ыстықтың көтерілуін түсіретін, вирусқа қарсы, антибактериалды, иммуномодуляциялық препараттарға сұраныс күрт артты. Осындай күрделі жағдайда халықты дәрі-дәрмектермен уақытылы және жедел қамтамасыз ету, олардың өткір тапшылығын болдырмау мақсатында үстіміздегі жылдың шілде айынан бастап фармацевтикалық компанияларға Қазақстанда тіркелмеген вирусқа қарсы дәрі-дәрмектерді бір реттік әкелу тәртібі жеңілдетілген болатын.

Бүгінгі таңда еліміздегі қолданыстағы заңнамада мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрі-дәрмектерді сатуға тыйым салынады, дәрілік заттардың айналымы бойынша заң талаптары бұзылған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Сондықтан көптеген шектеулердің, дәрілік заттарды тіркеу механизмінің күрделілігінен дәрі-дәрмектерді көтерме және бөлшек саудамен айналысатын бизнес субъектілері шығындарға батып, банкрот болу жағдайында тұр және бұл жағдаят халық тарапынан сұранысы бар кейбір дәрі-дәрмектер бойынша және белгілі бір аурулары (онкологиялық, қант диабеті, қан қысымының көтерілуіне және сирек кездесетін аурулар) бар азаматтарды дәрі-дәрмекпен үзіліссіз қамтамасыз етуде тапшылық туғызуға әкелуі мүмкін. Себебі жоғарыда аталған дәрі-дәрмектер Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 15 шілдедегі «Көтерме және бөлшек саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына шекті бағаларды бекіту туралы» №104 бұйрығымен айқындалған дәрілік заттар тізбесінде жоқ.

Аталған бұйрыққа сәйкес дәрілік заттардың шекті бағалары жылына екі рет, 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін бекітіледі және дәріханалардағы дәрілік заттардың бағасы бекітілген шекті бағадан аспауы тиіс.

Үстіміздегі жылдың 11 шілдесінде жоғарыда аталған бұйрықпен белгіленген дәрілік заттардың шекті бағалары қайта қаралды. Нәтижесінде дәрілік заттардың 329 атауы бойынша нөлдік үстеме баға белгіленген, 45 атауы бойынша 5 пайыздан аспайтын үстеме баға, дәрінің 54 атауы бойынша шекті бағасы қолданыстағы шекті бағадан төмен бекітілген.

Бұл өзгерістер де коронавирустық инфекцияның алдын алу және емдеу үшін қажет арзан дәрілердің тапшылығына әкелу тәуекелдерін арттырып отыр.

Жоғарыда айтылғандарға және COVID-19 екінші толқынының ықтималдығына байланысты дәрі-дәрмек тапшылығының қайта туындау қаупін азайту мақсатында елге бір рет әкелінген дәрі-дәрмектерді айналымға шығару үшін дәрілік заттардың шекті бағалары келесі жартыжылдықта бекітілгенге дейін осы саладағы уәкілетті орган бекіткен құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

Қазақстанда дәріні тіркеу мерзімі өте ұзақ уақыт алатындығын ескере отырып, Қазақстан Республикасына тіркелмеген дәрілік заттарды әкелген жағдайда уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен берілетін қорытындының (рұқсат беру құжатының) негізінде тіркеу жолдарын қарастыру қажет деп санаймыз.

Дәрілік заттардың тіркеу куәлігін алғаннан кейін көтерме және бөлшек саудада өткізуге арналған дәрілік заттардың шекті бағалары болмаған жағдайда шекті бағалар бекітілгенге дейін дәрілік заттардың дозасын, концентрациясын, көлемін және өлшеп-оралуын ескере отырып, осындай халықаралық патенттелмеген атаулары бар басқа өндірушілердің әкелінетін дәрілік заттардың саудадағы атауына бекітілген шекті бағаның ең жоғары мәнінен аспайтын дәрілерге көтерме және бөлшек саудада өткізуге мүмкіндік беру механизмі қарастырылған жөн деп санаймыз.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы, депутаттық сауалымызға регламент бойынша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Нөкетаева, Төреғалиев, Жұмағұлов, Қапбарова, Жүсіп, Әлназарова, Нухұлы».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Біздің бүгінгі депутаттық сауалымызға өңір дихандарының көтерген суармалы ағын су мәселелері арқау болып отыр.

Жамбыл облысында пайдаланатын ағын су ресурстарының 80 пайызы көршілес Қырғыз Республикасының аумағынан бастау алып, Шу, Талас трансшекаралық өзендері арқылы беріледі.

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы су қатынастары 2000 жылғы 21 қаңтарда бекітілген мемлекетаралық келісім мен ережелер негізінде реттеледі.

Сала бойынша елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды ішараларға қарамастан сумен қамтамасыз ету мәселелері өте өзекті және шекаралас мемлекеттің су саясатына тәуелді болып қалып отыр.

«ҚазСуШар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жамбыл филиалының мәліметі бойынша 2020 жылы филиал жалпы ауданы 122,7 мың гектарға миллиард 25 миллион су үшін 2 мың 475 ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен су жеткізу туралы келісім жасаған. Алайда ағымдағы жылдың сәуір айынан қыркүйек айына дейін 79,66 мың гектар алқапқа 550 миллион куб, яғни қажеттіліктің жартысы ғана қамтамасыз етілген.

Жоспарды орындамаудың басты себебі – трансшекаралық көздерден келетін судың жетіспеушілігі.

Өкінішке қарай, жағдай жылдан-жылға күрделене түсуде, соңғы 6 жылда Қырғыз Республикасының Шу өзенінің бассейнінде сумен жабдықтаудың келісілген кестесін сақтамауы жүйелі сипатқа ие болып отыр. Сондай-ақ Талас өзенінде осы мерзімде су алу жоспары 80 пайыз болған.

Нәтижесінде жоғарыда келтірілген мәселелер және ішкі қоймаларда жоспарланған көлемде судың жинақталмау салдары суармалы судың болжамнан тыс тапшылығына әкелді. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы тауар өңдеушілерінің орынды наразылығын тудырды. Десек те атқарушы органдар және филиал өкілдерінің су тұтынушылармен кездесулері мен түсіндіру жұмыстары әлеуметтік шиеленіске жол бермеген.

Бүгінгі күні Жамбыл облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мамандарының есебі бойынша 2020 жылдың вегетациялық кезеңінде су көлемінің төмен болуы облыста барлығы 2 мың 820 гектар құрайтын жүгері, қант қызылшасы, жоңышқа алқаптарынан жалпы құны 1 миллиард 300 миллионға жуық теңгені құрайтын 36,4 мың тоннадан астам өнім төмен алынып, шаруашылық еңбеккерлерінің күнкөріс, тұрмыс-тіршілік деңгейінің төмендеуіне елеулі әсері болып отыр.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде өңірдегі трансшекаралық Шу, Талас өзендерінің су қорларын екі мемлекет арасында бөлу мәселелеріне байланысты төмендегідей ұсыныстарды енгіземіз:

1. Қырғыз Республикасы аумағындағы су қоймаларынан еліміздің су тұтынушыларының тәуелділігін азайту мақсатында Жамбыл облысы аумағында Шу, Талас өзендерінің бойында жоспарланған 3 жаңа су қоймалары құрылысының жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға 2021 жылға республикалық бюджеттен қаржы бөлдіруді ұсынамыз.

2. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы келісім негізінде реттелетін мемлекетаралық су каналдары арқылы су берудің келісілген кестелерін орындау бойынша тетіктер құрылуы, келісімдердің пысықталуы керек деп ойлаймыз.

3. Шектес мемлекеттерден келетін су ресурстарының көлемін мониторингтеу, суды кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын нақтылау, жаңарту бойынша цифрландыру шаралары қабылдануы тиіс деп санаймыз.

Қалыптасқан жағдайдың өзектілігі мен маңыздылығына байланысты ұсыныстарымызды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан тиісті шаралар қабылданады деп сенеміз.

Депутаттық сауалымызға заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Нұралиев, Қожамжаров, Орынбеков, Мамытбеков».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А. Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге. Хатта аграрлық саланың нақты жағдайын көрсететін шынайы ақпараттың қажеттілігі туралы мәселе көтеріліп отыр.

Айтар болсақ, қағаз жүзіндегі әдемі баяндамалардың ауылдағы жағдаймен сәйкес келмейтінін аңғару қиын емес. Біз жиналған өнімнің анық көлемін, тұқымның шынайы сапасын, зиянкестермен аурулардың таралу мөлшерін, егін себу мен жинау жұмыстарының дәл мерзімін нақты білмейміз, ал заманауи агротехнологияларды енгізу бойынша кейде дамыған елдерден де асып кетеміз. Мал шаруашылығында жануарлар туралы мәліметтерді тіркеу жұмыстарының негізгі бөлігі әлі де қағаз нұсқада жиналады, кейіннен олар деректер базасына қолмен енгізіледі. Сондықтан адами фактор әсерінен көптеген қателіктер орын алады.

Мұндай олқылықтардың бірнеше себебі бар. Біріншіден, ақпарат берушінің деректердің дұрыстығы үшін жауапкершілігі төмен. Екіншіден, жергілікті әкімдердің жұмысын бағалауды статистика деректеріне тәуелді ету ауылдағы жағдай туралы жалған

ақпараттар беруге жол ашады. Үшіншіден, статистикалық мәліметтердің анықтығы мен шынайылығын арттыру үшін қазіргі заманғы цифрлық технологияларды қажетті деңгейде пайдаланбау.

Осындай бұрмаланған ақпараттар «қисық айна» әсерін тудыратынын және мемлекеттік органдардың маңызды шешімдер қабылдауына негіз болатынын мойындау керек. Мұның соңы неге алып келеді? Ең алдымен, мемлекеттік жоспарлаудың дұрыс жасалмауына, қаражаттың дәл бөлінбеуіне әсер етеді. Мұны біз игерілмеген бюджет қаржысының және оларды мақсатсыз пайдаланудың көлемінен жиі байқаймыз. Мал шаруашылығында жануарлар туралы мәліметтерді бұрмалау малдың ауруын жасыруға, мемлекеттік субсидияларды заңсыз алуға жол ашады. Мемлекеттен қаржылай көмек арудың белгіленген талаптарына сәйкес болу үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің кейбірі өтірік-шынды ақпаратты қосып, кейде өтіп кеткен күнмен жануарлар туралы мәліметтерге түзетулер мен өзгерістер енгізеді. Ең оғаштығы, ауыл шаруашылық жануарларын есепке алуда мемлекеттік жүйеде осындай олқылықтарға жол беріліп отыр. Қалыптасқан жағдайды түзету үшін мынадай шаралар қабылдау қажет деп санаймын.

1. Егін шаруашылығының жай-күйі туралы объективті деректер алу үшін цифрландыру мүмкіндіктерін барынша пайдалану керек. Барлық дамыған елдерде жерді қашықтықтан зондтау технологиясын енгізу алдында әрбір өңір үшін қолданылатын аэроғарыштық суреттердің мағынасын ашу әдістемесі әзірленеді, кеңістіктік деректердің бірыңғай платформасын қалыптастыру жүргізіледі. Онсыз толық және шынайы ақпарат алу мүмкін емес. Ал бізде ауыл шаруашылығы саласын цифрландыруда мұндай жүйелілік жоқ. Басқаша айтқанда, істің басын құрап алмай осындай маңызды жұмысты шикі жасап отырмыз. Бұл жерді ғарыштан мониторингтеуге бөлініп жатқан миллиардтаған мемлекеттік қаражаттың тиімділігіне әсер етеді. Менің ойымша, ауыл шаруашылығының цифрландыру мәселесімен Есеп комитеті мұқият айналысуы керек. Бұл салада денсаулық сақтау жүйесінде біраз олқылықтар шықты ғой.

2. Мал шаруашылығында адами фактор ықпалын толықтай жоя отырып, жануарларды есепке алу мен ветеринарлық құжаттаманы жүргізудің бүкіл жүйесін цифрлық форматқа көшіру маңызды. Мұндай әзірleme Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде бар және ол өткен жылы Сенатта таныстырылды. Бұл дамыған елдерде қолданылатын технология. Оны пилоттық режимде жекелеген өңірлерде сынақтан өткізіп, өндіріске тезірек енгізу қажет.

Агроөнеркәсіптік кешенінде цифрлық технологияларды пайдалану ауыл шаруашылығының жағдайы туралы деректердің нақтылығын арттырып қана қоймай, мыңдаған әкімдік қызметкерлерін оларға тән емес әртүрлі мәліметтер мен ақпараттарды жинау жұмысынан босатып, ал еліміздегі ветеринар мамандарды қағазбастылықтан арылтып, олардың барлығына өзінің негізгі жұмысымен айналысуға мүмкіндік береді.

Құрметпен, депутаттар Күрішбаев, Булавкина, Дүйсембинов, Мусин, Нұралиев».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Төраға. Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы аясында еліміздің көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту, транзиттік жүк ағынын арттыру мақсатында 2016 жылы Құрық теңіз паромды кешені бой көтеріп, пайдалануға берілген болатын. Кешен жылына 4 миллион тонна көлемінде теміржол жүгін, 2,0 млн тонна көлемінде автокөлік жүгін қабылдай алады.

Қазіргі уақытта Құрық теңіз порты Ақтау халықаралық сауда портымен қатар Қытайдан, Орталық Азия мемлекеттерінен, Ресейдің Орал-Сібір өңірінен Түркияға, Еуропаға және кері бағытта жүк тасымалының тиімді логистикасын құруға мүмкіндік беретін «Транскаспий халықаралық көлік бағыты» жобасын іске асыру шеңберінде маңызды роль атқарады.

Осы аталған теңіз порттарына жүк жеткізу мерзімін және оған кететін шығындарды азайту мақсатында 2016 жылы ұзындығы 490 шақырым болатын «Шалқар – Бейнеу» теміржолы салынып, пайдалануға берілді. Бұл жолдың қолданыстағы маршрутын 500-ден астам шақырымға қысқартуға мүмкіндік туғызды.

Дегенмен бүгінге дейін аталған порттарға автокөлікпен жүк жеткізудің тиімді маршрутын таңдау мәселесі басы ашық күйінде қалып отыр.

Қазіргі таңда Құрық, Ақтау теңіз порттарына автокөлікпен жүк жеткізу үшін тым ұзақ жол айналымын жасауға тура келіп отыр. Мысалы, Бірғыз қаласынан Бейнеуге дейін «Бірғыз – Ақтөбе – Мақат – Бейнеу» бағыты бойынша 1250 шақырым жол жүруге тура келеді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның транзиттік бағыттарының тартымдылығына кері ықпалын тигізуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 1 қыркүйекте жариялаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында «Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі тың инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, жаңа мемлекеттер мен компанияларды тарту, қызмет көрсету сапасын жақсарту және транзиттік бағыттардағы жылдамдықты арттыру есебінен өсуге тиіс» деген болатын.

2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жол» бағдарламасының 2-ші кезеңі шеңберінде 30 жобаны іске асыру көзделген. Оның негізінде жалпы 11 мың шақырым автокөлік жолдарын қайта жөндеуден өткізу және оларды төсеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бірақ осы аталған бағдарламада «Бейнеу – Шалқар» автомобиль жолының құрылысы тізімде көрсетілгенімен, ісшара жоспары кестесінде оны қаржыландыру көзі айқындалмаған. Оның үстіне «Бейнеу – Бозой» жобасы қарастырылған. Айта кету керек, бұның да қаржыландыру көзі айқындалмаған. Біздің ойымызша, бұл Құрық, Ақтау порттарына жүк тасымалының жылдамдығын арттыру тұрғысынан қарағанда тиімді жоба болып саналмайды.

«Нұрлы жол» бағдарламасының 2-ші кезеңі шеңберінде «Астана – Арқалық – Торғай – Бірғыз – Шалқар – Қандыағаш» автокөлік жолдарының құрылысы және қайта жөндеу жұмыстары жоспарланғанын ескере отырып, біз «Нұрлы жол – 2» бағдарламасына 2025 жылға дейінгі кезеңде «Бейнеу – Шалқар» автокөлік жолының құрылысын қосу қажет деп есептейміз. Өз кезегінде, бұл «Орталық – Батыс» көлік дәлізінің

негізді аяқталуы болып есептеліп, Құрық, Ақтау порттарына дейінгі жолды 500- ден астам шақырымға дейін қысқартуға мүмкіндік берер еді.

Біздің ойымызша, бұл жобаны «Шалқар – Бейнеу» теміржолының құрылысы кезінде әзірленген жобалық-іздеу жұмыстарының материалдарын және осы теміржолдың қолданыстағы инфрақұрылымын пайдалана отырып, аз уақыттың ішінде аз ғана шығынмен іске асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар аталған автокөлік жолының құрылысы еліміздің өзге өңірлері тұрғындарының Каспий теңізінің жағалауына демалу және туризм мақсатында төте жолмен жетуіне зор мүмкіндік береді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, осы мәселеге қолданыстағы заң аясында жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Әділбеков, Алдашев, Қаниев, Құртаев, Лұқпанов, Мамытбеков, Рысбекова, Шелпеков».

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет.

Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 8 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Украиной о правовой помощи по уголовным делам», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары
М.М. АХМЕТЖАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Генерального Прокурора Республики Казахстан
АХМЕТЖАНОВА М.М. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НУХҰЛЫ А. 2

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. 3

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 3

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 4

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МӘКЕЖАНОВ С.А. 5

Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 6

Депутат Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АБДИКЕРОВА Р.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 8

Депутат Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУРТАЕВА А.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 9

Депутат Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. 10

Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 12

Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 13

Депутат С.Т. АЛДАШЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата АЛДАШЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 15

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева